

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы) МКҚК  
«Алтын бесік» бөбекжайы

**Топ/сынып** ортаңғы «Қарлығаш» тобы

**Балалардың жасы** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі** (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы  
қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	<p style="text-align: center;"><b>Негізгі қимылдар:</b></p> <p>Жүру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.</p> <p>Тепе - теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 см), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру</p> <p><b>Аяққа арналған жаттығулар:</b></p> <p>аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою;</p> <p>қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;</p> <p>отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау, таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру</p> <p><b>Қимылды ойындар</b></p> <p>Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.</p>

		<p><b>Спорттық жаттығулар:</b> Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу;</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту</p> <p><b>Сөздік қор</b> Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.</p> <p>;</p> <p>Ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу; Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p><b>Шығармашылық сөйлеу іс әрекеті</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау</b> Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау,</p> <p><b>Оқу, әңгімелеу</b> Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p> <p><b>Мазмұндау</b> Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру.</p>

		<p><b>Театр дағдыларын дамыту</b> Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу..</p>
	<p>Математика негіздері</p>	<p><b>Жиын</b> әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. Балаларға жиын, оның</p> <p><b>Сан</b> Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «тең бе?», «қайсысы артық (кем) сауалдарына жауап беру.»</p> <p><b>Шамасы</b> Нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу..</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу</p> <p><b>Уақыт бойынша бағдарлау</b> Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге баулу.</p> <p><b>Заттық әлем</b> Әр түрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдануға үйрету.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b> Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған</p>

		<p>қарапайым ережелермен таныстыру..</p> <p><b>Еңбекке баулу</b>  Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды әзірлеуге баулу.</p> <p><b>Адамгершілікке баулу</b>  Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру..</p> <p><b>Менің Отаным- Қазақстан</b>  Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі</b>  Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.</p> <p><b>Жануарлар әлемі</b>  Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</b>  Ауа райының жағдайын анықтау (суық,, жылы, ыстық) табиғат құбылыстарын бақылау(маусымдық), бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>
	Құрастыру	<p><b>Құрылыс материалының құрылысы</b>  Өзінің тұрғызыған құрылысын талдауға баулу.</p> <p><b>Қағаз құрылысы</b>  Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты парағын жартысынан бүктеп, бұрыштарды және қырларды біріктіру, детальдің негізгі түріне желімдеу.</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыс</b>  Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу.</p> <p><b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру</b>  Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру</p>
	Сурет салу	<b>Заттық сурет салу</b>

		<p>бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сюжетті сурет салу</b> Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p><b>Сәндік сурет</b> Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
	<p>Мүсіндеу</p>	<p><b>Заттық мүсіндеу</b> сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p><b>Сюжеттік мүсіндеу</b> Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p><b>Сәндік мүсіндеу</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу.</p>
	<p>Жапсыру</p>	<p><b>Заттық жапсыру</b> Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.</p> <p><b>Сюжеттік жапсыру</b> Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сәндік жапсыру</b></p>

		Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен және т.б. таныстыру.
	Музыка	<p style="text-align: center;"><b>Тақырып: «Берекелі алтын күз»</b></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күй танытады.</p> <p><b>Ән айту:</b> Әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.</p>